

# «Кәсіби қазақ тілі пәні»



**№1 тәжірибелік сабақ. Кәсіби лексика. Терминдік норма. Кәсіби қазақ тіліндегі «Бағдарламашы», «Менеджмент» мамандығының негізгі категориялы-түсіндірмелі аппараты**

**Пәннің зерттеу объектісі. Кәсіби әрекет сферасы**

- \* “Кәсіби қазақ тілі” – нормаға түскен әдеби тілді, іскерлік және кәсіби қарым-қатынастың түрлерін, ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін оқытатын негізгі пән

\* Кәсіби тіл – белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы. Кәсіби тіл – өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

\* Кәсіби тіл – белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы. Кәсіби тіл – өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл болып табылады.

## «Кәсіби қазақ тілінің» мақсаты

- \* **қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгеру.** Бұл пәнді аяқтаған тіл үйренушіге қойылатын талаптар:
- мемлекеттік тілде таратылатын мол ақпараттардан өзіне, өз мамандығына қажеттісін таңдап алып, оны коммуникативті-функционалдық бағытта қолдана білуі керек;
  - мемлекеттік тілде өзіндік көзқарасын таныта білу, оны дәлелдеп, қорғай білуі;
  - өзінің алған білімі мен білік-дағдыларын, қазақ тіліндегі сөздік қорын, терминологияны үнемі дамытып отыруы;
  - мемлекеттік тілде өз мамандығы аясында шешен сөйлеуге дағдылануы;
  - кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай білуі;
  - проблеманы танып, оны шешудің жолдарын айқындау, оны мемлекеттік тілде көркем жеткізе білуі керек және т.б.

## Кәсіби тіл және оның құрамы

Кәсіби терминология - ғылыми стильдің негізгі белгісі. Термин - әлем бейнесінің ғылыми саладағы негізгі ұғымдық бірлігі және тілдің ғылыми стилінің негізгі лексикалық бөлігі. Жаратылыстану-техникалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардың ғылыми терминологиясы. Тар шеңберлі мамандықтардың салалық терминдері. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері:

- 1) атаулардың сөзжасамдық тұлғалар арқылы жасалу жүйесі;
- 2) интернационалдық түбірлер мен қазақ тілі жұрнақтары;
- 3) атаулық тіркестер және лексикалану үдерісі т.б.

\*

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының алдында бәсекеге қабілетті, білікті, білімді мамандарды даярлау талабы бірінші кезекте тұр. Мемлекеттік тілді білу, оны өз қызмет әрекетіне қарай қолдана білу құзыреті болашақ маманға қойылар талаптардың бірі болмақ. Осы мақсатта бүгінде көптеген игі шаралар атқарылуда. Тілді меңгерту қазақ тілін мамандықпен байланыстыра үйретуге көп көңіл бөлінуде. Жоғары оқу орындарының өзге тілді дәрісханаларына қазақ тілін мамандыққа қатысты үйрету, негізінен, қарым-қатынастық (коммуникативті) тұрғыда меңгеріледі. Кәсіби қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың басты мақсаты – студенттерді қазақша сөйлеуге үйретіп қана қоймай, ұлттық техникалық ғылымның дамуына тікелей үлестерін қосып, кәсіби бағытта жұмыс жасауларына және болашақ мамандардың жеке тұлға ретінде жетілуіне, ішкі-жан дүниелерінің дамуына ықпал жасау, сондай-ақ тікелей мамандыққа қатысты лексиканы игеру бағытында терминдермен жұмыс істеуі болып табылады. Ең басты мәселе ол терминдерді қазақ тілінде пайдалануы.

Кәсіби қазақ тілі сабақтарында терминдерді оқытудағы басты мақсат-болашақ маман қазақ тілімен қатар мамандыққа, кәсіпке байланысты атау сөздерді үйреніп, сөздік қорын байытады, терминдердің түсініктемесіне мән береді және оны келешекте қызмет барысында қолдану-олардың өз саласын жетік меңгерген маман болуына септігін тигізеді.

Өйткені XVIII ғасырда өмір сүрген шведтің табиғат зерттеушісі **Карл Линнейдің: «Егер сен сөздерді, тілді білмесең, заттарды зерттеуің де мүмкін емес»** деген пікірі бар. Сөзді зерттеу, оның мағынасын, мәнін аша отырып, түпкі төркінін тапжылмай тану оңай емес.

Тіл үйренушілердің қазақ тілінен алған білімін ұмытып қалмауына жол бермеу керек, Өйткені кез келген тілді күнделікті қолданбаса, ұмытылатындығы даусыз.

## СӨЗДІК:

Құзырет-компетенция  
игі шаралар-мероприятия

- \* ішкі-жан дүниелерінің дамуына ықпал жасау- внести - вклад в развитие духовного мира
- \* сөздік қорын байыту-обогащение словарного запаса
- \* жетік меңгерген маман- со знанием специалиста
- \* мағынасын, мәнін аша отырып - раскрывая содержание и значение тапжылтпай тану оңай емес - не легко признать



\* ТАПСЫРМА:

**1. Мәтін бойынша 5 сұрақ құрастырыңыз.**

**2. Берілген сөз тіркестері мен сөздермен сөйлемдер құрастырыңыз.**

*бәсекеге қабілетті, білікті маман, білімді маман,  
тілді меңгеру, кәсіби бағыт, кәсіпке байланысты,  
еңбек жолы.*

## 2-апта

# Тақырып: Мамандық тілі. Грамматика: Стыль. Ғылыми стиль

\* Мамандық тілі-коммуникация саласында шектеулі мамандықта қолданылатын барлық тілдік құралдардың жиынтығы. **Мақсаты** - белгілі бір салада жұмыс істейтін адамдардың өзара түсіністігін қамтамасыз ету. Кәсіби қарым-қатынас саласының тілі жазбаша немесе ауызша сөйлеу тілі болады. Арнайы тілдің функциялары:

\* 1) шындықты көрсету және білімді сақтау (эпистемиялық функция);

\* 2) жаңа білім алу (**когнитивтік функция**);

\* 3) арнайы ақпаратты беру (**коммуникативтік функция**)

**Кәсіби тілдің моделі:** техника саласындағы кәсіби тілдер: ғылым тілі

\* (теория тілі, арнайы терминология), өндіріс тілі (цех тілі, кәсіби ауызекі тіл, жеке өндірістік тіл);



- медициналық кәсіби тіл үшін: ғылыми тіл, кәсіби ауызекі тіл, оқулықтар тілі, практика тілі немесе клиника тілі;

Кәсіби тілдің үш негізгі қабаты:

- \* 1. Ғылыми тіл;
- \* 2. Кәсіби сөйлеу тілі (цех тілі, өндірістік тіл, зертханалық жаргон), ол осы салада жұмыс істейтін адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қызмет етеді;
- \* 3. Үлестіру тілі (сатушылардың тілі, саудагерлердің тілі, үгіт тілі, жарнама тілі).



## **1.Берілген сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.**

Қызмет, лауазым, міндет, талап, дайындық, жауапкершілік, дағды, іскерлік, кәсіп, жаңалық, дербестік, талпыныс, бейімділік, қабілет, жеке қасиет, кемшілік, академиялық дәреже, зейін, жан-жақтылық, алға ұмтылу, өмір сүру көзі , отбасы дәстүрі, кәсіби сауаттылық, ізденіс, белсенділік , әлеуметтік жауапкершілік, қызығушылық, сараптау, ой өріс.

## 2. Мәтінді оқып, аударыңыз.

*«Бәрінен күшті адам -өзіне -өзі сенетін адам.»*, *«Білім - бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ әлдекімнің азығы.»* ( М. Әуезов)

### *Мамандық*

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» егеменді еліміздің ертеңі — маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін! Ж. Аймауытов.



**Мамандық**— қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды.

Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді.

Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі. Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін қызметінің маңызды бөлігі. Адам өзінің болашақ кәсібiне әр түрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастырушы,

келесі біреулер үшін - жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулер үшін - әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң және т. б. Мамандықты таңдау үшін, ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Дұрыс таңдалмаған мамандық әсері мамандық иесінің ғана емес қоғамға кері әсерін тигізеді. Өз - өзіне “Мен кімін?” “Осы өмірдегі менің орным қандай”, “Қалай өмір сүремін?” деген сұрақ қоймайтын адам кем де кем. Әлемде 40 мыңға жуық әр

түрлі мамандық бар. Осы көп салалы мамандықтар арасынан таңдау жасау әрине оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қоса алатындай



болуы шарт. Мамандық таңдауда  
қойылатын талаптар: белсенділік,  
әлеуметтік жауапкершілік, жоғарғы ой –  
өріс, терең білімділік, кәсіби  
сауаттылық. Мамандық таңдаудағы  
қиындықтар мен қателіктер:

## ТАПСЫРМА:

### 1. Сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Мамандық тілі дегенді қалай түсінесіз?
2. Арнайы тілдің функциялары қандай?
3. Кәсіби тілдің қандай негізгі қабаттарын білесіз?
4. Кәсіби сөйлеу мәдениеті нені қамтиды?
5. Кәсіби қызметте заманауи маманға қандай мінез-құлықтар қажет?
6. Әр маманның бойында қандай коммуникативтік қасиеттер болу керек?



## 12. Төмендегі мәтінді оқып шығып, сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз.

Стиль- сөйлеушінің (жазушының) өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін. бейнелеу шеберлігін. өзіндік суреткерлікті ұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы. Стиль – латынша *stylos* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Стилистика – ең алдымен стиль туралы ғылым. Стиль деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз. Бір ұғымды айтып, не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануға болады. Дәстүрлі практикалық стилистикада «стиль» термині тілдің нормативті-стилистикалық ережелеріне сәйкес келу дәрежесін білдіреді.

Қазақ тіліндегі стильдердің бастылары мыналар:

- Ауызекі сөйлеу стилі
- Ғылыми стиль
- Ресми іс қағаздары стилі
- Публицистикалық стиль
- Көркем әдебиет стилі

## Стильдердің қолдану аясы

Ауызекі сөйлеу стилі адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады. Мақсаты - қатынас жасау. Ерекшелігі: сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізу. Қарапайым сөздер және лепті, сұраулы сөйлемдер жиі қолданылады.

Ғылыми стильге ғылымының әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектері кіреді. Логикалық жүйелі ой қорытындысы - ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі. Ғылыми стиль түрлері: таза ғылыми шағын стиль, ғылыми-оқулық шағын стиль, ғылыми көпшілік шағын стиль. Ғылыми стильдің мазмұндық белгілері: нақтылық, объективтілік, қисындылық. Терминдер - ғылыми мен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саласында қолданылатын нақты бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі. Терминдер салалық, сала аралық және жалпы ғылыми болып қарастырылады. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі - терминдер.

Ресми құжаттар және іс-қағаздары стилі. Іс қағаздарының түрлері көбінесе белгілі бір жағдайда байланысты нақты бір тұлғаның атынан жазылатындықтан, ол сөздер сөйлемнің баяндауышы болып, жіктік форманың бірінші жақ, жекеше түрінің жалғауын қабылдайды. Ресми құжаттардың тілі мен іс қағаздарының тілі ресми іс қағаздары стилі болып табылады.

Публицистикалық стиль. Публицистикалық стильге радио-теледидарлар, газет-журналдар тілі жатады. Публицистикалық стильге қоғамдық саяси мәселе қарастырылады. Публицистикалық стильдің ауызша түрі - шешендік сөз.

Көркем әдебиет стилі. Көркем әдебиет стилінің белгілері: жазушы әр сөзді саралып, стильдік мақсатта қолданылады. Көркемдік-бейнелегіш құралдар аса мол қолданылады. Тілдің лексикалық қабаттарының барлық түрі қолданылады. Көркем әдебиет стилінде функционалдық стилінің барлық түрлерінің де элементтері кездеседі.

Стильдік ұстамына қарай сөздер бірнеше топқа жіктеледі:

- кәсіби лексика;
- ресми лексика;
- кітаби лексика;
- сөз сөйлеу лексикасы;
- жалпылама лексика;
- архаизмдер мен тарихизмдер;
- неологизмдер;
- бейнелігіш сөздер;

### **13.- Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

- Нормаларына қарай стиль қандай түрлерге бөлінеді?
- Ресми іс қағаздары стилі деген не ?
- Ғылыми стиль дегеніміз не ?
- Публицистикалық стиль деген не ?
- Көркем әдебиет стилі деген не ?
- Стильдік ұстамына қарай сөздер қандай топқа жіктеледі?

## 14.Берілген таблицаны толтырыңыздар.

№	мысалдар	Ғылыми стиль	Ресми іс қағаздары стилі	Публицистикалық стиль	Көркем әдебиет стилі	Ауызекі сөйлеу стилі
1	Емен ұзақ жылдар бойы өсе берді.Ол 150-200 жылға дейін созылады.					
2	Көшенің екі жағында жайқалған ағаштар.Ал парктктің ортасы көз жауын алатын қызыл,көк, сары гүлдер күлімдейді.					
3	Мереке құтты болсын! Табыс, береке тілеймін!					
4	Біз Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек.					

	байланысты мені сабақтан босатуыңызды өтінемін.					
6	Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен кейбір жер атауларына өзгерістер енгізілді.					
7	9-мамаыр Жеңіс күнінде елбасымыздың Жарлығымен аяулы ардагерлеріміз марапатталды.					

8	Ақ қасқыр айналып жіберіп, ағызып келіп алдына түсті.					
9	Жанат қып-қызыл болып кетті. Тұмсығы тершіп, қыбыжықтай берді.					
10	-Кеше сабақта болдың ба? -Иә, болдым, ережелерді жат таңдар деді.					
11	Жол жағалауларына отырғызылған ағаш пен бұталар, гүлдер мен көгал ауадағы көмір қышқыл газды сіңіріп, ауаны оттегімен байытады, шуды азайтып, мекенжайды желден, күннен және шаңнан қорғайды.					
12	Мен, Қанатұлы Арсен, бұдан былай сабаққа кешікпеуге уәде беремін. 15.04.2015					
13	Стилистика- тіл білімінің тілдік тәсілдер жүйесін зерттейтін сала.					

**15. Интернет желісін пайдалана отырып, стиль түрлеріне қарай (ауызекі, ғылыми, ресми іс қағаздары, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі ) мысалдар, үзінділер тауып жазыңыз. Өзара пікір алмасыңыз.**



## Өзін-өзі тексеруге арналған тест тапсырмалары.

1. Стыль түрін анықтаңыз.

Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеттері болады.

а) Көркем әдебиет

ә) Ауызекі сөйлеу

б) Іс-қағаздар

в) Ғылыми

г) Публицистикалық

2. Ауызекі стилін табыңыз.

а) Жақсы оқитын оқушыларға баса көңіл бөлінсін

ә) Менен оларға тиетін инедей пайда жоқ

б) Бастауыш кім? не? деген сұраққа жауап береді

в) Сүт адам организміне өте пайдалы

г) Сәулетті Қазақстан – менің елім

3. Ресми стильге жататын қатарды белгілеңіз.

а) Көркем шығарма

ә) Ғылыми шығарма

б) Өтініш, сенімхат

в) Газет-журнал тілі

г) Қоғамдық-саяси әдебиет.

4. Көркем әдебиет стиліне тән белгіні анықтаңыз.

а) Ғылымдық

ә) Бейтараптық

б) Образдылық

в) Ауызекілік

г) Ресмилік

5. Көркем әдебиет стилін көрсетіңіз.

- а) Биылғы қыс сықырлаған аязсыз, құтырынған борансыз жұмсақ басталып еді
- ә) Менен оларға тиетін инедей пайда жоқ
- б) Гипербола – бір нәрсені екі есе әсірелеп айту
- в) Жанға сая панамыз – Қазақстан
- г) Египетте құл иеленуші құрылыс қалыптаса бастады

6. Іс-қағаздар стилін көрсетіңіз.

- а) Радио, теледидар арқылы шолу, сұхбат
- ә) Суреттеу, ауыспалы мағыналы сөздер
- б) Қарапайым сөздер, кәсіби сөздер
- в) Құжаттар, бұйрықтар, анықтамалар
- г) Ғылыми мақалалар, лекциялар

7. Публицистикалық стильдің жазбаша түрін көрсетіңіз.

- а) Лирика
- ә) Повесть
- б) Пьеса
- в) Мақала
- г) Поэма

• Прямоугольник

## Тақырып: Термин. Терминология ғылымы

**Терминология** - белгілі бір білім саласында қолданылатын терминдердің жиынтығы. **Термин** - (лат. terminus-шек, шекара) - ғылым, техника, өнер және т.б. саланың белгілі бір ұғымының атауы болып табылатын сөз немесе сөз тіркесі. Терминдердің басқа сөздерден айырмашылығы, олар бірмағыналы, қысқа болады, эмоциялылық және экспрессия жоқ, стилистикалық бейтарап. Кейбір терминдер өзінің ерекше сипатын жоғалтып, әр түрлі сөйлеу стилінде кеңінен қолданылады. Терминология білімнің белгілі бір саласы терминдерінің жиынтығы ретінде кез келген тілде кәсіби қызметпен тығыз байланысты.

Адам қызметінің белгілі бір саласында жұмыс істейтін маман терминологияны меңгермей, өз мүмкіндіктерін толыққанды іске асыра алмайды. Терминдердің арасында термин-синонимдер де кездеседі, мысалы, пневмония-өкпенің қабынуы, грамматикалық модель - грамматикалық құрылым, дисфазия - афазия. Терминологияда пәнаралық терминологиялық омонимия таралған. Бір термин осы тілдің түрлі терминологиясына кіре алады. Мысалы, реакция термині химия, саясат, физиологияда кездеседі.

Терминологиялық лексика екі топқа бөлінеді: тарсалалық және жалпы ғылыми терминдер. **Тарсалалық терминдер** жекелеген ғылым шеңберінде ғана кездеседі: математика, физика, химия, информатика және т. б. Тарсалалық терминдер ерекше функционалдық оқшаулығымен сипатталады, көбінесе мамандарға ғана белгілі. Олардың басқа стильдерде қолданылуы шектеулі. **Жалпы ғылыми терминдер** ғылымның әртүрлі салаларында кездеседі, олар барлық адамдарға түсінікті, оларды жалпыға түсінікті деп аталады. Термин тек бір терминологияның құрамына кіруі мүмкін, және де әр түрлі терминологияларға, мысалы, операция — медицинада, қаржы саласында, әскери істе кіруі мүмкін. Қазіргі жағдайда терминге қойылатын маңызды талап оның халықаралық сипаты, халықаралық стандарттарға

## Сөздік

терминдердің жиынтығы – совокупность терминов

ұғым - понятие

айырмашылық - отличие

бірмағыналы – однозначны

бейтарап – нейтральный

кәсіби қызмет – профессиональная деятельность

функционалдық оқшаулығымен – функциональной  
обособленностью

толыққанды – полноценно

пәнаралық - междисциплинарный

тарсалалық – узкоспециальный

жалпы ғылыми - общенаучный

жалпыға түсінікті – общепонятный

## ТАПСЫРМА:

### 1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Термин, терминология сөздеріне анықтама беріңіз
2. Терминдердің басқа сөздерден ең басты айырмашылықтары қандай?
3. Тарсалалық және жалпы ғылыми терминдердің айырмашылығы неде? (4-5 мысал келтіріңіз ).

*Ескерту:* Мысалдарды өз мамандығыңызға қатысты алыңыз.

2. Өз мамандығыңызға қатысты 10 термин жазып, қай тілден енгенін және анықтамасын жазыңыз. Сөйлемдер құрастырыңыз,(5 сөйлем).

\* **АҚПАРАТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ. СӨЗДІҢ  
\* ДӘЛДІГІ. ІСКЕРЛІК ӘЛЕМІ.**

\* **Сабақтың мақсаты.** Терминология ғылымы туралы мәлімет беру. Тұрмыстық қарым-қатынаста әдеби тілдің нормаларын сақтап, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, ой бөлісе отырып, ой – пікір, сөз еркіндігіне баулу , кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

\*







Кәсіби қарым-қатынас маманның кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында ұйымның басқа мамандарымен және клиенттерімен сөйлеу әрекетін білдіреді. Кәсіби қызмет мәдениеті көбінесе оның тиімділігін, сондай-ақ жалпы ұйымның және жеке маманның беделін анықтайды. Қарым - қатынас мәдениеті кәсіби мәдениеттің маңызды бөлігін құрайды.



Кәсіби мәдениет кәсіби қызметтің арнайы шеберлік пен дағдыларын меңгеруді өзін-өзі ұстау мәдениетін, эмоционалдық мәдениетті, жалпы сөйлеу мәдениетін және кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қамтиды.

